

Бекітілді: _____
№ 23 «Ынтымақ» бөбекжай бақшасының
меңгерушісі: Урынтаева Р.Ж.
.08. 2020ж.

**2020 – 2021 оқу жылына арналған ересек «Еркемай» тобының вариативтік
бөлім жоспары.
«Шебер қолдар»**

2020 – 2021 оқу жылы.

Түсінік хат.

Ұйымдастырылған оқу қызметі балада әсер мен сезімді қолдану арқылы көркем-эстетикалық талғам қалыптастыруға бағытталған. Жұмыс тәсілдері мен материалдармен танысу үлгі бойынша жұмысты орындаудан басталады (менің поезыма ұқсас); түрлендіру үлгісі бойынша (жапырақтармен әшекейлеу қажет алма); белгілі шарт үлгісі бойынша (осындай үйге ұқсас, бірақ биік мұнарасымен), өз кезегінде балаларды оймен жұмысқа дайындайды. Жұмыс дайындамалармен жүргізіледі (жапсыруда – дайын дөңгелектер, шаршылар, үшбұрыштар), табиғи материалмен жұмыс енгізіледі. Балалар дайын жұмысқа дейін жеткіліксіз элементтерді қосып, табиғи материалдың ерекшеліктерін байқауға үйренеді. Материалдар қасиеттері мен жұмыс техникасымен таныстыру кезеңінде педагог қадаммен көрсетіп және балалармен бірге жұмысты орындайды. Егер бала таныс пішіндерден жұмысты орындаған жағдайда толық көрсету қажет емес (әр түрлі мөлшерлердегі шарлардан домалақ қуыршақты мүсіндеу – шарлар мүсіндеу техникасымен балалар таныс). Бұл жағдайда балалар меңгерген тәсілдерді өз беттерімен қолдануы керек, алайда өз бетінше жұмысқа дейін оның талдауын жүргізу, бөліктердің бекітілу тізбегі мен жолын көрсету қажет. Көрсету жұмыстарын ересек адамдар немесе қажетті техниканы меңгерген балалар жүргізе алады.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау қабілетін, мәдениетін дамыту. Шығармашылық іскерліктері мен эстетикалық талғамын қалыптастыру.

Міндеттері:

Балалардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап, бір затты әр қырынан көре білулеріне, жасаған жұмыстарын талдауға, өз ойларын жеткізе білулеріне машықтандыру.

Саусақ моторикасының дамуына, эстетикалық талғамының қалыптасуына ықпал ету.

Бастаған істі аяғына жеткізуге, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелей отырып, рухани – адамгершілік қасиетін дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Ай	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекіліктер	Сағат
Қыркүйек	I-апта	«Шалғындағы саңырауқұлақтар»	Қоршаған орта және саңырауқұлақ туралы білімдерін кеңейту. Жеуге жарамды және жеуге жарамсыз саңырауқұлақтар туралы түсінік беру. Тілдерін дамыту. Саусақ ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру	Саңырауқұлақтар бейнеленген суреттер. Желім, майлық	1
	II-апта	«Машиналар»	Машина түрлерін қайталай отырып, бөліктері жайлы білімдерін толықтыру. Әртүрлі пішіндерден машина құрастыру. Тілдерін жаңа сөздермен байыту. Жол ережесін еске түсіру	Ойыншық машиналар. Әртүрлі машина суреттері.	1
	III-апта	«Достарыма арналған үй»	Қоршаған орта және көп қатарлы, бір қатарлы үйлер туралы білімдерін бекіту. Пішіндерден үйлер жасау. Тік төртбұрыш шаршыдан үйдің қабырғасын үшбұрыштан шатырын жасауға болатындығын түсіндіру	Әртүрлі ойыншықтар. Ойыншықтар суреттері.	1
	IV-апта	«Желкенді қайық»	Қалдық материалдан қайық құрастыруға үйрету. Саусақ бұлшық еттерін жетілдіру. Ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру.	Көлік түрлері, суреттер	1

Ай	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекіліктер	Сағат
Қазан	I-апта	«Күзгі кілем»	Күз мезгілі неге алтын күз деп аталатыны туралы түсініктерін кеңейту. Түрлі түсті қағаздан әртүрлі жапырақтар қиып жапсыру	Күз мезгілінің суреттері, қураған жапырақтар. Слайд.	1
	II-апта	«Дәрумендер»	Күз мезгілінде жемістер мен көкөністердің құрамында мол дәрумендер кездесетінін түсіндіру. Көкөністер мен жемістерді қиып жапсыру. Саусақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.	Жемістер мен көкөністерді жинау сәтінен алынған суреттер. Жемістер мен көкөністер муляждары. Слайд.	1
	III-апта	«Алтын масақ»	Күз мезгілінде пісетін бидай, дәнді дақылдардан нанның қалай пайда болатынын түсіндіру. Түрлі түсті қағаздан бидай масағын жапсыру. Саусақ бұлшық еттерін жетілдіру.	Егіс алқабындағы үлкендердің еңбегі бейнеленген суреттер. Дәнді дақылдар суреттері. Слайд.	1
	IV-апта	«Кесені әшекейлеу»	Балаларды ыдыс-аяқтармен таныстыруды жалғастыру. Кесені әшекейлеуде сұлулықты сезіне білуге тәрбиелеу. Ұқыпты желімдеп, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін жетілдіру.	Ыдыс-аяқ суреттері, ойыншықтар	1

Ай	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекіліктер	Сағат
Қараша	I-апта	«Көкөніс дүкені»	Көкөністердің адам ағзасына пайдасы туралы мағлұмат беру.Түрлі-түсті қағаздан көкөністердің суретін қиып жапсыру.Қайшымен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік техникасын сақтап,балалардың шығармашылық ойын дамыту.	Көкөніс суреттері,муляждар	1
	II-апта	«Көңілді фигуралар»	Әртүрлі геометриялық фигуралардан жануарлардың фигурасын қиып жапсыру.Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту.Қайшымен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау	Үй жануарлары мен жабайы жануарлар ойыншығы,суреттері.	1
	III-апта	«Менің ойыншықтарым»	Сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелеу.Қалаған ойыншығын қиып алып жапсыру.Саусақ бұлшық еттерінің қимыл-қозғалыстарын жетілдіру.	Әртүрлі ойыншықтар суреттері	1
	IV-апта	«Аквариумдағы балықтар»	Аквариумда балықтар,ұлулар, өсімдіктер болатыны туралы түсіндіру.Төртбұрыштың шетін қайырып,дөңгелету,сопақшалар қию,үшбұрыштардан құйрықтарын жасау.Қабыршағын қағазды ұсақтап жыртып жапс-у	Аквариумдағы балықтар Әртүрлі балықтың суреттері	1

Ай	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекіліктер	Сағат
Желтоқан	I-апта	«Қыс көрінісі»	Қыс мезгіліндегі табиғаттағы өзгерістерді әңгімелеу. Қайшы және желіммен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау. Ұқыпты жұмыс жасау.	«Қыс көрінісі» суреттер	1
	II-апта	«Әдемі мерекелік жалаушалар»	Балаларды тәуелсіздік, егемен сөздерінің терең мағынасымен таныстыра отырып, «Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын дамыту. Эстетикалық талғамын жетілдіру	ҚР ның елтаңбасы, туы, әнұраны. Слайд	1
	III-апта	«Мерекелік открытка»	Балалардың қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. қағазды қос бүктеу, пішініне сәйкес әшекейлей білуге дағдыландыру.	Әртүрлі открыткалар	1
	IV-апта	«Қар мен аққала»	Қағазды умаждау арқылы қар кесегін және аққаланы жасай білуге үйрету. Кеңістікте бейнені дұрыс орналастыра білу, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	Аққала суреттері	1

Ай	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекіліктер	Сағат
Қаңтар	I-апта	«Жаңа жыл»	Қыс мезгілінде болатын табиғаттағы өзгерістерді әңгімелеу.Шырша ойыншықтары.Қайшы және желіммен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздікті сақтау.Сүлгі қолдану.	Жаңа жыл мерекесіне қатысты суреттер.Шыршаны ойыншықтармен безендіру.Слайд	1
	II-апта	«Аққала»	Балалардың қыс мезгіліндегі қызықты ойындары туралы әңгімелеу.Аққаланы қағаздан қиып жапсыру.Кеңістікте бейнені орналастыра білу.	Қыс көрінісі,аққала суреттері.	1
	III-апта	«Қысқы орман»	Орманда іршілік ететін жануарлар туралы әңгімелеу.Қоян суретін қиыпжапсыру.Қайшымен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздікті сақтау	Қысқы орман суреттері. Жабайы жануарлар аудиожазбасы.	1
	IV-апта	«Қыстап қалатын құстар»	Құстардың тіршілігі туралы айту.Қыстап қалатын құстарға қамқор болу.Жемшашар жасау. Адамгершілікке баулу.	Құстардың суреттері, аудиожазбасы	1

Ай	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекіліктер	Сағат
Ақпан	I-апта	«Қыс көрінісі»	Қыс мезгілінің ерекшеліктері мен құбылыстары туралы білімдерін бекіту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерін жетілдіру. Талғампаздыққа тәрбиелеу	Қыс мезгілі бейнеленген суреттер, боранның, дауылдың дыбысы жазылған аудио жазба. Слайд	1
	II-апта	«Бөлме өсімдіктері»	Бөлме өсімдіктерінің аттарын атау, тірі табиғатқа жататынын түсіндіру. Бөлме өсімдіктерін күтіп баптауға үйрету.	Бөлме өсімдіктерінің суреттері, су құйғыш, күрек, тырнауыш Гүл баптауға арналған құралдар	1
	III-апта	«Үй жануарлары»	Қыс мезгіліндегі үй жануарларының тіршілігі туралы әңгімелеу. Үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу. Қалаған үй жануарларын қиып жапсыру. Әдемілікке, әсемдікке баулу	Үй жануарларының суреттері, аудиожазбасы Слайд	1
	IV-апта	«Үй құстары»	Үй құстарының қысқы тіршілігі туралы түсіндіру. Оларға қамқор болуға тәрбиелеу. Қағаздан әтеш қиып жапсыру. Қайшыны пайдалану кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау.	Үй құстарының суреттері, аудиожазбасы	1

Ай	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекіліктер	Сағат
Наурыз	I-апта	«Гүл жарған бұтақ»	Көктем мезгіл туралы түсіндіру Табиғатта болатын ерешеліктер мен құбылыстар туралы әңгімелеу. Қайшы және желіммен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздікті сақтау.	Көктем мезгілі бейнеленген суреттер. Слайд.	1
	II-апта	«Анамызға гүл сыйлаймыз»	«Анам –ең жақын адам» сондықтан оларды сыйлау, құрметтеу, үнемі көмектесу түсініктерін қалыптастыру. Эстетикалық талғамдарын жетілдіру.	Өз аналарының фото суреттері. Өз қолдарымен дайындаған сыйлықтары . Слайд.	1
	III-апта	«Еңбек құралдары»	Балаларға көктемде жер жырту, ағаш отырғызу, гүл егу сияқты еңбек науқаны басталатынын айтып түсіндіру. Еңбек құралдарын қағаздан қиып жапсыру. Шығармашылық ойын дамыту.	Еңбек құралдары: күрек, тырнауыш, шелек, су құйғыш	1
	IV-апта	«Жыл басы –Наурыз»	Балаларға ұлттық мереке мен салт-дәстүрлерді айқындап айту. Өртүрлі ою-өрнектер туралы түсінік беру. Оюларды қағаздан қиып жапсыру. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту	Қазақтың ою-өрнектері, салт-дәстүрлер бейнеленген суреттер Слайд.	1

Ай	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекіліктер	Сағат
Сәуір	I-апта	« Құс ұясын жасаймыз»	Көктем мезгілінде жыл құстары келетінін айтып түсіндіру.Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.Құстарға ұя жасау.Көркемдік,талғамдық ерекшеліктерін дамыту.	Құстар суреттері.Құстар дыбысы жазылған аудиожазбаны тыңдау. Слайд.	1
	II-апта	«Ғарыш әлемі»	Ғарыш әлемі,ғарышкерлер туралы балалардың білімдерін бекіту.Ғарыш кемесін жапсыру. Қайшымен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздікті сақтау.	Ғарыш әлемі және ғарышкерлер суреті бейнеленген суреттер.Ғарыш кемесінің суреттері.Слайд.	1
	III-апта	«Жұпаргүл бұтағы»	Көктемде алғаш гүлдейтін өсімдіктердің бірі жұпаргүл туралы түсіндіру.Жұпаргүл бұтағын қиып жапсыру.Эстетикалық талғамын жетілдіру.	Жұпаргүл бұтағы(сирень)	1
	IV-апта	«Бақбақтар алаңшасы»	Қайшы және желіммен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздікті сақтау.Саусақтың ұсақ бұшық еттерінің қимыл-қозғалысын дамыту.Ұқыпты жұмыс жасауға әсемдікке,талғампаздыққа баулу.	Бақбақ суреттері	1

Ай	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекіліктер	Сағат
Мамыр	I-апта	«Түймедақтар»	Ағаштардың дәндері арқылы түймедақтар жасау. Желіммен жұмыс жасау кезінде ұқыптылыққа баулу. Сүлгіні қолдану. Көркемдік, талғампаздығын жетілдіру.	Түймедақтар суреттері	1
	II-апта	«Ақ көгершін»	Жеңіс күні туралы әңгімелеу. Ақ көгершін бейбітшілік құсы екенін түсіндіру. Қағаздан ақ көгершін құсын қиып жапсыру. Қайшы, желіммен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздікті сақтау.	Жеңіс күні, ардагерлер бейнеленген суреттер, слайд	1
	III-апта	«Көбелектер»	Көбелектер туралы түсінік беру. Қағаздан көбелек қиып жапсыру. Балалардың эстетикалық талғамын жетілдіру. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерін жетілдіру	Әртүрлі көбелектердің суреттері	1
	IV-апта	«Біз не үйрендік?»	Балаларға еркін тақырыпта салдырып және оны қиып жапсыру. Әсемдікке, әдемілікке баулу. Ұқыптылыққа баулу. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қимы-қозғалысын жетілдіру.	Әртүрлі суреттер	1

